



*Тақырып: «Жапырақтары» дәрілік өсімдік шикізатын дайындау ерекшеліктері. Жинау, кептіру, сақтау ерекшеліктері, Латынша, қазақша және орысша атаулары, қолданылуы, дәрі –дәрмектері*



**Дайындаған: Райымбаева А.**

**406 «Б» ФР**

**Қабылдаған: Айтымбетова А.Н**

**Шымкент 2015**

# Жоспар:

## I.Кіріспе

1. *Жапырақтары дәрілік өсімдік шикізатын дайындау ерекшеліктері*
2. *Жинау, кептіру, сақтау ерекшеліктері*
3. *Латынша, қазақша және орысша атаулары, қолданылуы, дәрі –дәрмектері*



Пайдаланған әдебиеттер

# Кіріспе

*Жер бетінде дәрілік өсімдіктер туралы дерек жинап, зерттеген ғалымдар өте көп. Дәрілік өсімдіктер жайында тұңғыш рет біздің дәуірімізге дейінгі ертедегі грек дәрігері Гиппократ ( 460-377 ж.ж. ) белгілі еңбек жазды. Ол өсімдіктердің қай бөлігі болса да пайдалы, оларды ауруды емдеу мақсатында кеңінен қолдануға болады деп есептеді. Ал, өсімдіктерде шипалық қасиеттердің болуы олардың құрамындағы белгілі бір заттардың қасиетіне байланысты екенін Рим дәрігері Гален анықтады. Ол сонымен бірге бұл заттарды қалай бөліп алуға болатынын көрсете отырып, тұңғыш рет науқастарды өсімдіктің қайнатындысымен, шырынымен, тұнбасымен, ұнтағымен және одан жасалған дәрімен емдеді.*

**«Жапырақтары »  
дәрілік өсімдік шикізатын дайындау ерекшеліктері**

- ***Өсімдіктерден шикізат алатын бөлімдері көп: бүршіктері, жапырағы, гүлдері, жемісі, тамыры, тұқымы, тамырсабақтары, қабықтары. Олардың құрамында дәрілік биологиялық белсенді заттар кездеседі. Бүршігін жинау үшін, көктемде бұтақтарын кесіп алып, 30 градус температурада кептіреді. Содан соң оны шыны ыдысқа салып сақтайды. Сақтау мерзімі бір жыл. Қабығын ерте көктемде ағаш бүршік жар бастағанда жинайды, өйткені бұл кезде өсімдіктің қабығы тез сылынады. Сақтау мерзімі төрт жыл.***

- *Жапырағын өсімдік жапырақ тақтасын жазғанда немесе өсімдік гүлдеп тұрғанда жинайды. Жапырақтарды ағаштың, үйдің көлеңкесінде немес шатырда кептіреді. Сақтау мерзімі бір жыл. Құрғақ жерде сақтау керек. Жер үсті мүшелерін өсімдік гүлдеп тұрған кезде сабағын жапырағы, гүлімен қоса ұзындығы 10-15 см етіп кесіп алып, 4-5 талдан баулап көлеңке жерге немесе үйдің шатырында күн сәулесі түспейтін жерде кептіреді. Кептірілген соң, қатырма қағаздан жасалған қорапта сақтайды. Сақтау мерзімі екі жыл. Жемісін әбден піскен кезде таңертең немесе кешкі мезгілдерде жинайды. Оларды шыны банкада сақтайды. Сақтау мерзімі үш жыл. Дәрілік өсімдіктерді маман дәрігерлердің нұсқауымен пайдалану керек.*

## **Жапырақтар.**

**Сағақтарымен, сағақсыз шикізаттың сипатына байланысты қолмен қыршып жинайды. Егер де шикізаты сабақсыз өсімдіктердің жапырақтарында (розеточные) болса, онда оларды пышақпен тамырына зақым келтірмей кесіп алады. Ірі шөптесін өсімдіктердің қос жапырақтарының тек ірі жақсырақ дамып жетілгендерін жинайды.**



*Дәрілік өсімдіктерді жинаудың арнайы ережелері бар. Бұл ережелерді қатаң сақтау керек, өйткені оларды сақтамаған жағдайда құнды шикізаттың айтарлықтай бөлігі бұзылады. Дәрілік өсімдіктерден алынатын шикізаттың барлық түріне шикізаттың келбеті, нормасы, оны анықтауыш қасиеттері, сақтау, буып-түюдің және маркерлеудің мемлекеттік стандарттары, техникалық шарттары мен фармакопейлік мақалалары бар.*



*. Дәрілік өсімдіктерден алынатын шипалық қасиеті бар шикізатын толық зерттеу фармакогнозия ғылымы зерттейтін басты мәселелер болып табылады. Фармакогнозия-мамандардан химия мен ботаниканы, сонымен қатар медицинаның бір қатар салаларын білуді талап ететін күрделі ғылым. Фармакология ғылымының өкілдері де дәрілік өсімдіктерді зерттеуде қалыс қалмайды. Фармакология-өсімдіктерден және химиялық жолмен алынған дәрілік заттардың жануарлар мен адам организміне әсерін зерттейтін ғылым. Фармакологтар квалификациясы бойынша дәрігерлер.*





*Жаңа дәрілік өсімдікті фармакогнозиялық зерттеу – бұл өсімдікті медицинаға енгізудің алғашқы сатысы. Екінші саты – фармакологиялық зерттеу нәтижесінде өсімдік улы ма, улы болса қандай дәрежеде және қанша мөлшерде улы екенін анықтайды. Осыдан кейін фармакологтар дәрілік препараттың лабораториялық жануарлар организмдерінің қызметіне – жүректің жұмысына, жүйке жүйесіне, тыныс алу және асқорытуға физиологиялық әсерін анықтайды.*



*Фармакологиялық, химиялық және басқа да зерттеулер аяқталып, жаңа емдік препараттың негізгі қасиеттерімен улылық дәрежесі анықталған соң, оны ауруханада клиникалық сынақтан өткізуге беріледі. Клиникада дәрігерлер жаңа препараттың тағдырын шешеді. Алынған барлық нәтижелерді басқа препараттармен салыстырады, осыдан кейін бұл препаратты денсаулық сақтау министрлігі бекітіп, химико-фармацевтикалық заводтарға препаратты дайындау туралы тапсырма беріледі*

*Қазақстанда бірқатар эндемикалық өсімдіктер бар. Бұларға дала жусаны, сүйекті аққурай, және т.б. жатады.*

*Басқада дәрілік шөптер: мысалы итөшаған, мыңжапырақ, түйме шетен, ермен, дәрмене, қалақай, өгейшөп, левзея, бақ-бақ, шай шөп, рауғаш, қызылтаспа, жанаргүл, жұмыршақ, долана, есек мия, ақ мия, дәрілік жоңышқа, киікот, тасшөп, т.б. жатады.*

Дәрілік өсімдіктерді жинау әдістері және уақыты ол өсімдік шипалық әсері бар заттардың ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Биологиялық белсенді заттар өсімдіктердің әр мүшелерінде немесе тек бір мүшесінде жинақталуы мүмкін. Сондықтан дәрілік өсімдіктердің барлық бөліктерінің түпкі шипалық қасиеті бар деп айтуға болмайды. Жалпы, дәрілік өсімдіктердің жерүсті мүшелерін тек ауа райы құрғақ кезінде ғана жинайды. Бүршіктерді ерте көктемде, яғни наурыз-сәуір айларында әлі таралмаған ісінген кезінде жинаған дұрыс.

*Дәрілік өсімдіктерді жинау әдістері және уақыты ол өсімдіктердегі шипалық әсері бар заттардың ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Биологиялық белсенді заттар өсімдіктердің әртүрлі мүшелерінде немесе тек бір мүшесінде жинақталуы мүмкін. Сондықтан дәрілік өсімдіктердің барлық бөліктерінің түгел шипалық қасиеті бар деп айтуға болмайды. Жалпы, дәрілік өсімдіктердің жерүсті мүшелерін тек ауа райы құрғақ кездерде ғана жинайды. Бүршіктерді ерте көктемде, яғни наурыз-сәуір айларында әлі таралмаған ісінген кезінде жинаған дұрыс. .*

*Шөптесін өсімдіктерді гүлдеген кезінде жинайды, оларды төменгі жапырақ деңгейінде кесіп алады. Жапырақтарды гүлдеу алдында және гүлдеу басталған немесе толық гүлдегенде жинайды. Өсімдік өліп қалмау үшін жапырақтардың көбісін жинамай қалдырады.*



## *Жалпы, өсімдіктерді кептірудің 4 әдісі бар:*


- 1. табиғи, бұл жағдайда шикізатты қағаздың немесе матаның бетіне жайып қойып жиі – жиі аударып тұрады.*
- 2. көлеңкеде кептіру, бұл жағдайда жақсы желденетін жабық ғимараттың ішінде кептіреді.*
- 3. күн түскен жерде кептіру, бұл жағдайда өсімдіктер қабығы, тамырлары, тамырсабақтары, тұқымдары және жидектері кептіріледі.*
- 4. жылулықта кептіру (қолдан жылыту арқылы), бұл жағдайда температураны реттеп тұруға болады, шикізат тезірек кебеді.*

*Дәрілік өсімдіктер түрлеріне байланысты әдебиеттерде олардың қайсысын қай мезгілде жинауға болатындығын көрсететін күнтізбесі болады. Сол күнтізбесіне байланысты жинау керек. Мысалы, кәдімгі еменнің, ешкіталдың шипалық қасиеті бар бөліктерін қабығын наурыз айында жинайды. Қазақстанда кездесетін дәрілік өсімдіктердің қайсы түрлерін қай мезгілде жинауға болатындығы туралы «Лекарственные растения» деп аталатын 2002 жылы шыққан Мухитдинов пен Паршинаның кітабында көрсетілген.*



- Ең бастысы жапырағын, шөбін, гүлін, күнге кептіруге болмайды. Күн түскен кезде ол өзінің бояуымен әсер етуші заттарынан яғни құнды заттарынан айырылады. Құрамында алкалоид бар тамыр мен тамырсабағын күнде кептіреді. Ал құрамында гликозидтері бар тамыр пен тамырсабағын күнде кептіруге болмайды. Себебі құрамындағы гликозидтер ыдырап кетеді. Тамыр пен тамырсабағын бір күннің ішінде кептіріп алуға болмайды және мүмкін емес. Шикізатты түнде қалдырғанда оны шықтан қорғау үшін бетін бір нәрсемен жабу керек. Кептіру кезінде тамырларды күніне кетпенмен немесе күрекпен бірнеше рет аударып отыру керек. Жай кезде шикізатты 3 – 4 күнде кептіріп алуға болады.

*Жапырақты, гүлді неште сирек кептіреді. Бұндай кептіруді егер ауа-райы өте қолайсыз болған жағдайда ғана жүзеге асырады. «Құрғақ ауалы жағдайға» дейін жақсы кептірілген шикізатта гигроскопиялық ылғалдың мөлшері 8-15% құрайды. Ол шикізаттың сапасына әсер етпейді. Жақсы кептірілген тамырлар шытынап сынады, сабақтары да сынуы керек. Нәрлі кептірілген жемістер қолмен қысқан кезде кесек-кесек болып қолға жабыспау керек. Кептірілген шикізатты дәріханаға береді. Өздеріне деп жиналған заттарды қағазға орап немесе мата қапшықтарда бірнеше жыл сақтауға болады. Өте көп сақталған дәрілік өсімдіктердің жапырақтарын, гүлдерін тіптен жақсы кептірілген болса да қолдануға болмайды, себебі уақыт өткен сайын олар қасиеттерін жоғалтады.*

- 
- Дәрілік өсімдіктер шикізаты құрғақ, қараңғы, таза жайда сақталуы керек. Әрине, дәрілік өсімдіктерді сақтау қағидасы техникалық талаптарға сәйкес болуы керек.

Өсімдік өркендерін, жапырақтарын, гүлдерін, бүршіктерін сақтау 2 жылдан аспауы керек, ал тамырларды, тамырсабақтарды және қабығын сақтау – 3 жылдан аспауы керек. Көрсетілген мерзімнен ұзағырақ сақтағанда дәрілік шикізат өзінің белсенділігін жоғалтады. Жалпы орташа алғанда шикізат шамамен 2 жыл сақталуы керек. Кейбір жағдайларда ол мерзімді қысқартуға немесе керісінше ұзартуға болады:

Улы және әсері күшті шикізаттар.

Эфир-майлы шикізаттар.

Жемістер және тұқымдар.



Бір-бірінен бөлек жеке жайларда сақталуы керек. Шикізаттар сөрелерде (стеллаж), қатарларда (штабель) сақталады. Сөрелермен еденнің арасы 25 см-ден кем болмауы керек. Қатарлар арасы 80 см-ден аз болмауы керек. Қатарларға шикізат атын, жиналған жылын, айын көрсетіп, этикетка жапсырып қою керек. Жайдың ішін және сөрелерді жыл сайын дәрілеп (дизенфекциялап) тұру керек. Әрине әдебиеттерде келтірілген дәрілік өсімдіктерді жинау күнтізбесін биологиялық тұрғыдан дұрыс түсінген жөн. Дәрілік өсімдіктердің бөліктерін жинау олардың вегетациялық өсіп дамуының ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Қандай вегетациялық күйде жинау ол ББЗ қай кезеңде мол жиналатына байланысты. Өсімдіктерді онтогенездік тұрғыдан зерттеудің нәтижесінде дәрілік өсімдіктердің әрбір түрінің ең тиімді жинау кезеңдері анықталады. Әрине өсімдікті жинаудың нақтылы күнтізбесі мемлекетіміздің географиялық аймақтарына, климат жағдайларына бағынышты. **Мысалы зире (сарум – тмин) және жемістері оңай шашылатын өсімдіктердің жемістерін, тұқымдарын «шық» (роса) кеппей ерте таңертеңгісін жинайды, ал жер үсті мүшелерін керісінше «шық» кепкеннен кейін жинайды. Осыған байланысты дәрілік өсімдіктің әрбір түріне байланысты олардың шикізатын жинау ережесі бар.**

## Қосүйлі қалақай

– крапива двудомная (*Urtica dioica*)

**Биіктігі 1 метрге жуық.**

**Сабағы төрт қырлы, түзу, жоғарғы жағында бұтақтары көп.**

**Жапырақтары жүрек тәрізді, ұш жақтары сүйірлеу, бір-біріне қарама-қарсы орналасады, сағақтары ұзын, шеттері ірі, ара тісті. Жапырақтары мен сабағы тиген жерді дуылдататын күйдіргіш түк басқан.**

**Гүлдері майда, көкшіл түсті. Бір өсімдікте аталық гүлдер өссе, екіншілерінде тек аналық гүлдер ғана өседі, сондықтан қалақайды "қос үйлі" деп атайды. Маусым айынан қыркүйекке дейін гүлдейді.**

**Қосүйлі қалақай үй маңайында, жол жиегінде, бос алаңдарда, егістік жерлерде өседі.**





## *Емдік қасиеті*



*Дәрі жасау үшін оның жапырақтарын гүлдеген кезінде жинап алады. Құрамында С, К, В дәрумендері, пантотен қышқылы, уртицин глюкозиді, хлорофилл, құмырсқа қышқылы, фитостерин, каротин, кальций және тағы басқа заттар бар.*

*Ғылыми медицинада қосүйлі қалақай өкпеден, жатырдан, ішектен, геморрой түйіндерінен, асқазаннан қан кеткенде дәрі ретінде қолданылады. Өсімдіктің құрамындағы хлорофилл денедегі зат алмасуын, жүрек пен өкпенің қызметін жақсартады. Қосүйлі қалақайды көптен жазылмай жүрген жараларды емдеуге, ағзадағы дәруменнің жетіспеуін және қанның құрамын қалпына келтіру үшін пайдаланады. Соңғы кезде өсімдікті диабетті емдеуге де пайдалана бастады. Бауыр және өт жолдарының созылмалы ауруларын қалақаймен емдеуге болады.*

*Халық медицинасында қосүйлі қалақайдың жапырақтарымен ревматизмді, іштің қатуын, подаграны, бүйрек пен қуық ауруларын, өкпе туберкулезін, геморройды, дизентерияны емдейді. Тамыранан жасалған сулы тұнбаны бронх демікпесін, асқазан ауруларын емдеуге қолданады. Сонымен қатар дене сыртындағы жарақаттарды, іріңді жараларды, сүйектің қабынуын емдеуге де болады. Оны шемен ауруын емдеуге, дене қызуын басуға және жөтелге қарсы да пайдаланады.*

## Үлкен бақажанырақ – *Plantago maior* – подорожник большой



**Бақажанырақ , тартар, жолжелкен (Plantago) – бақажанырақ тұқымдасына жататын бір немесе көп жылдық шөптесін, кейде шала бұта түрінде өсетін өсімдіктер туысы.**



### Биологиялық сипаттамасы

өзен-көл [жағалауларында](#), [шабындықтарда](#), шөлді-далалы, [арамшөп](#) өскен бос жерлерде, жол бойында, құрылыс маңында өседі. Сабағының биіктігі 20 – 70 см-дей. Жапырақтары сопақша, жалпақ қандауыр пішінді, бүтін жиекті, олар тамыр түбіне шоғырланып өседі. [Сабак](#) бойына қарама-қарсы, кейде кезектесіп орналасады. Ұсақ гүлдері ақшыл қоңыр, сиректеу ашық көгілдір түсті, масақ тәрізді гүлшоғырына топталған. [Мамыр](#) – [қыркүйек](#) айларында гүлдеп, жемістенеді. [Жемісі](#) – қос ұялы [қорапша](#). Піскен кезде жарылып ашылады. Тұқымы мен жапырақ құрамында [гликозид](#), [каротин](#), [фитонцид](#) болады, сондықтан оны [медицинада](#) пайдаланады.[\[1\]](#)

## Қолданылуы

- теріге шыққан жараның барлық түріне тартқан. Асқазан ауырғанда жапырағын езіп шырынын ішкен. Осы күнгі халық медицинасында бақажапырақты әртүрлі ауруларға пайдаланады. Бақажапырақтың жапырағында аукубин глюкозиді, ащы зат, илік заттар, калий тұзы, лимон қышқылы, 11% шырышты зат, каротин майы, нәруызды заттар мен майлар болады.*




## *Кәдімгі өгейшөп – Tussilago farfara – мать-и-мачеха обыкновенная*

Қазақстанның барлық жерінде кездеседі. Өзен жағалауында, жыра ішінде, тау баурайында, саз топырақты жерде өсетін 1 түрі – кәдімгі өгейшөп (*Tussilago farfara*) бар. Оның биіктігі 20 – 100 см. Сабағы өрлеп өседі. Жапырақтары ірі, қабыршақ тәрізді, қоңыр-күрең түсті, сабаққа кезектесіп орналасады. Сарғылт түсті гүлі қос жынысты, жеке-жеке сабақтың ұшында жетіледі, жапырағынан бұрын пайда болады. Гүлшоғы – себет. Наурыз – сәуірде гүлдеп, мамыр – маусым айларында жеміс салады. Жемісі – дәнек



Өгейшөптің жапырағының құрамында глюкозид, эфир майы, инулин, илік заттар, аскорбин қышқылы болады. Халық медицинасында өгейшөпті Гиппократ пен Авиценна заманынан бері қолданып келеді. Оны қолқа демікпесін, созылмалы бронхитті, ларингитті, жоғары тыныс жолдарының қабынуын емдеуге пайдаланады. Тұнбасын жөтелді басу үшін ішеді. Гүлінен ара бал жинайды



## Қазақстанда жыл сайынғы дәрілік шикізат дайындау мөлшері (квота-нормасы)

№	Өсімдіктер түрі	Шикізат түрі (дайындалатын бөлігі)	Барлығы тонна
1	Аңдыз тамыр, айр- <i>Acorus calamus</i> – Аир	Тамырсабақ	3,5
2	Ақезу бәрпі – <i>Aconitum leucostomum</i> – борец белоустый	Шөп	100,0
3	Дәрілік жалбызтікен – <i>Althaea officinalis</i> – алтей лекарственный	Тамырсабақ	2,0
4	Қара мендуана – <i>Nyoscyamus niger</i> – белена черная	Жапырақтар	35,0
2 5 5 4	Қосүйлі қалақай – <i>Urtica dioica</i> – крапива двудомная	Жапырақтар	12,5
6	Кәдімгі өгейшөп – <i>Tussilago farfara</i> – мать-и-мачеха обыкновенная	Жапырақтар	3,0
7	Азия жалбызы – <i>Mentha asiatica</i> – мята азиатская	Жапырақтар	4,0
8	Үлкен бақажапырақ – <i>Plantago maior</i> – подорожник большой	Жапырақтар	3,2




## Қорытынды

**Көптеген ғылыми зерттеу институттары, фармакогнозия кафедралары және ботаниктер, фармацевтика институттарында әр түрлі бағытта дәрілік өсімдіктерді зерттеумен айналысады. Дәрілік өсімдіктердің таралу орындары мен ресурстарын анықтап, картаға түсіреді; олардың биологиялық ерекшеліктерін, жинап алғаннан кейінгі қалпына келуін зерттейді; емдік қасиетке ие өсімдік құрамындағы заттарды химиялық сараптамадан өткізеді. Дәрілік өсімдіктердің сырт пішіні мен микроскоптық құрылысы егжей-тегжейлі зерттеледі, себебі дәрілік өсімдіктерге ұқсас, бірақ емдік қасиеті жоқ өсімдіктерден ажырата білу керек. Бұл жұмыс өсімдік бүтін болған кезде онша қиыншылақтар тудырмайды, алайда ол кептірілген және майдаланған ұнтақ түрінде болса, тек микроскоп арқылы ғана анықтауға тура келеді.**

## *Пайдаланган адабиеттер*

- 1. Махатов Б. Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова К.К., Кадишаева Ж. А. Фармакогнозия: оқулық. – Шымкент. – 2011. – 492б.
- 2. Лекарственное сырье растительного и животного происхождения. Фармакогнозия / Под. ред. Г.П. Яковлева. – СПб.: СпецЛит, 2006. – 845 с.: ил.
- 3. Муравьева Д.А., Самылина И.А., Яковлев Г.П. Фармакогнозия. Учебник. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: ОАО Издательство «Медицина», 2007. – 656 с.: ил.
- 4. Руководство к практическим занятиям по фармакогнозии: Учебное пособие / Под ред. И.А. Самылиной, А.А. Сорокиной. – М.: ООО «Медицинское информационное агентство», 2007. – 672 с.
- 5. Самылина И.А., Аносова О.Г. Фармакогнозия: учебное пособие: Атлас в 2 т. – М., 2007. – Т.1. – 192 с.; Т.2. – 384 с.
- 6. Самылина И.А., Ермакова В.А., Бобкова Н.В., Потанина О.Г. Фармакогнозия: учебное пособие: Атлас. – Т.3. – М., 2009. – 488 с.





*Назарларыңызға рахмет!*